

Садепхан А., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, заң факультетінің, Ю-34 тобының студенті

(Ғылыми жетекшісі – зғк., доцент, Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры Нукушева А.А.)

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖАЗУДАҒЫ ПЛАГИАТТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстандық азаматтық заңнама, экономика мен қоғамның өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне жауап беретін, зияткерлік меншік жүйесінің жұмыс істеуінің институционалдық негіздерін қалыптастыруға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық шарттарын жетілдіруге мұқтаж. [1].

Бүгінгі таңда Қазақстандық ғылым ізденушілерінің жетістіктерін қорғау ақпараттық және азаматтық заңнаманың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ғылыми ізденістер мен зертеулер қоғам мен адам өміріне пайдамен жаңа толқыныс әкелу үшін жасалады, ал осы ғылым саласындағы көшіру, «плагиат» мәселесі осы жетістіктермен зерттеулердің жолып байлап, бұрмалап өзіндік ауқымды кедергісін келтіруде. Д.Братусьтың пікірінше Қазақстанда "қарақшылық" деңгейі өте жоғары болып табылады. «Жаппай контрафакция жағдайлары әлі күнге дейін жойылған жоқ (және жақын болашақта жойылуы екіталай)» дейді. [2] Авторлық құқыққа жасалған қарақшылықты «интеллектуалдық еңбектің нәтижелерін заңсыз пайдаланудан ұрлыққа айналған және авторлардың жариялайтын бейнесімен қоса иемдену» деп түсінеміз. Бір жағынан, заңдық қорғау авторлық шығармашылықтың нәтижелерін және автордың мүддесін, плагиаттықтан зардап шеккендерді қоса қорғайды. Басқа да, қандай құқықтық шектеулер, авторлық құқықты қорғау заңнамасы дұрыс емес бәсекелестікке де қолданылуы мүмкін. Осы тектес мәселелер тек біздің елде ғана емес Ресей федерациясында кездеседі. Оған зерттеуші Абрамова Н.Ю өзінің ғылыми зерттеуінде «ғылымда соңғы кездері плагиат мәселесі (әсіресе гуманитарлық салаларда) өзектірек мәселе болып, түйіні шешілмей тұр. Коррозия сияқты, ол қазіргі ғылымды ішінен шірітіп, сыбайлас жемқорлық секілді құрылымдық элементтерінің бәрі мемлекеттік-бюрократияға енген» деп жазады [3].

Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексінде» және «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңында, «Қылмыстық кодексінде» сондай ақ өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұнында «плагиат» ұғымы жоқ, демек елімізде осы мәселе тұрғысынан заңдарымыз осалдық танытады яғни күрес қарқынды жүргізілмейді. Алайда, Асхат Аймағамбетов «Білім және ғылым министрлігі» осы мәселе тұрғысынан күрестің қалай жүргізілетіндігі жөнінде айтты. Ол туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығында баяндалады. [4] Бұл бұйрықта «плагиат» сөзінің орынына «бөтен мәтінді пайдалану» ұғымы қолданылады.

Адам туылғаннан ғалым болып тұмайды, ол ғалым болып қалыптасады, сол қалыптасу жолының бір тармағы тұлғаларда студенттік кездерінен басталады. Ақпараттық технологияның дамыған шағында ғылыммен білімнің озық жаңалықтарының ашылуы тұсында «плагиат» мәселесі қарқынды өрши түсті. Осы оқу процесі барысында студенттердің реферат, баяндама, курстық немесе дипломдық жұмыстарын, магистрлік диссертацияларын немесе өзге де ғылыми жұмыстарды жазу, тапсыру, өткізу кезінде авторлық құқық мәселесі орын алып, студенттердің де немесе өзге авторлардың да құқықтары бұзылып жататын кездері болады.

Бүгінгі жаһанданған заманда авторлық құқықтың бұзылатын тұстары өте көп. Заманауи ғылыми кеңістікте «плагиат» түсінігін жарияланымдық этиканы бұзушылыққа жатқызады. Аталмыш құбылыс зерттеушілердің, рецензенттер мен журнал редакторларының көңілінен шықпайды. Өте көп ғылыми мақалалар ондағы плагиаттың болуына байланысты өтпей жатады. Компьютер сауаттылығымен қатар, ғаламтордың дамуы адами белсенділіктің әртүрлі салаларында плагиаттың енуіне мүмкіндік туғызады. Плагиат білімде өткір мәселе болып, өнеркәсіп және ғылыми қоғамдастықта да өршіп тұр.

Студенттер оқу процесі барысында, аталған сабақ жоспарын орындау кезінде көптеген авторлардың жазған жұмыстарын өз аттарынан ұсынатын кездер және ол жұмыстар тексерілмей тексерілген күннің өзінде әр түрлі айла тәсілдердің қолданылумен өтіп, баспаға шығып кететін кездер жиі кездеседі. Иа, студент мақала немесе өзге де жұмыстар жазу

барысында оны ғылыми жетекшісі тікелей қадағалайды, алайда бүгінгі таңда ол жеткіліксіздік тудыруда. Кей жағдайларда барлық жұмыстар үшін ғылыми жетекші қажеттілік етпейді.

Ғылыми жұмыстарды көшіру мәселесі тек Қазақстанда ғана емес барлық әлем елдерінде бар ауқымды мәселеге айналған. Ол тек қазір ғана пайда болмаған, бұрыннан бар талықыланып ауыздықталмай келе жатқан өзекті мәселе. Айта кетер болсақ «South China Morning Post» Қытайда Пекин политехникалық университетінің студенті Чжао Лян Вейдің бітіру біліктілік жұмысын, Хунань университетінің студенті Чен Цзе толығымен көшіргендігі 5 жыл өткен соң анықталып сотталғандығын жазды. [5] Сондай-ақ 2019 жылы отставкаға жіберілген Германияның Білім министрі Аннетте Шаван 1980 жылы жазылған философиялық диссертациясында плагиат белгілері табылғаннан кейін докторлық дәрежесінен айырылған еді. [6]

«Ғылыми мерзімді басылымдардағы мәселелер мен олардың шешу жолдары» журналының бас редакторы А.Н Юрьевнаның айтуы бойынша «бұрын студенттердің жасаған жұмыстарындағы плагиат мәселесіне көз жұма қараған немене оны плагиаттан тексеруге мүмкіндік болмаған» дейді. [3] Бірақта, қазір ақпараттық технологиялардың дамыған ғасырында осы плагиатпен күрестің жаңа шаралары жасалып жүзеге асырылуда, алайда ол өз кезегінде кей жағдайларда нәтиже бермейді.

Бөтен шығарманы немесе оның бір бөлігін, түп нұсқасын атамай, өз атынан жариялағанда, ізін жасыру үшін түрлі әдістер қолдану да кездеседі. Мысалы, мәтінге кейбір өзгертулер енгізу, басқа сөзбен алмастыру, әріптердің орындарын ауыстыру немесе т.б. Мұндай өзгертулер көп болса, плагиатты дәлелдеу оңай болмайды, арнайы салыстырып тексерудің қажеттілігін тудырады. Авторлық ұрлық мүмкін - құқықтық заңнаманы және патент заңнамасын бұзу болсын тиісті сапада заңдық жауапкершілікке әкеп соқтыруы ықтимал. Басқа жағынан, плагиат мына салаларда жиірек болып келеді. Мысалы, зияткерлік меншіктің өнімдерінің қандай да болмасын түрінде, математикада және басқа іргелі ғылыми пәндерде кездесіп жатады. [7]

Жалпы бүгінгі таңдағы Қазақстанда «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңына сәйкес «Авторлық құқық автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары» деп анықтама берілген. [8] Авторда мүліктік құқық шығарылған туындыны өзге біреулер қолданған кезде қаржылық табыс алуға мүмкіндік береді. Авторлық құқық мәселесімен ілесіп жүрген плагиат мәселесі ЖОО-дарында өзекті деуге болады. Студенттердің ғылыми жұмыстарының сапасының жоғары болуы кез келген оқу орынының үлкен бағындырған белесі болмақ. Осы орайда сапалы ғылыми жұмысқа жету жолында шет ел тәжірибесіне сүйенер болсақ мысалы «М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің» жарғысында университетте диплом жазу кезінде немесе курстық жұмыстар жазу кезінде плагиат үшін студенттерді оқудан шығару мүмкіндігіне жол берілген. [3]

«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінде» осы дипломдық жұмыстың плагиаттық мәселесі туралы ереже бар, яғни студенттің көшіру межесі 20 пайыздан асып кетсе оған «Көшірудің межелі нормаға сәйкестігі жөнінде анықтама» берілмейтіндігін алға тартқан. Мысалы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде» «Магистрлік диссертациялар қорғалуға ұсынғанға дейін алдын ала қорғау және бітірушінің кафедрасынан плагиаттық тексеруден өту керек. Диссертациялық жұмыста әдейі жасалған плагиат дәлелдемелері анықталған жағдайда, үміткер диссертация қорғауға жіберілмейді және белгіленген тәртіппен университеттен шығарылады» делінеді. [9]

Плагиатты қабылдамауды, авторлық құқықтың дұрыс сақталуын әр университет тікелей қадағалағандығы жөн. «Студенттердің ғылыми жұмыстарын жазу үшін ақпаратпен жұмыс істеуінің академиялық адалдығы» біздің университетіміздің академиялық саясатының алдыңғы қатарында. Осыған байланысты университетімізде «Академиялық адалдық қағидалары әзірленді.» [10] Плагиатсыз толық қанды өз қолымен жазыған ғылыми жұмыстардың ұсынылуы, және олардың талапқа сай бәсекеге қабілетті болуы бізді ерекше шабыттандырар еді. Жазылған ғылыми жұмыстардың барлығы дерлік студенттердің өз қолдарымен жазылса, ол бізді де қызықтырып университетіміздің ғылыми жетістіктеріне қосар үлкен үлесіне айналмақ.

Сондай-ақ студентті ақпаратпен, материалдармен жұмыс істеу, біреудің авторлық жұмысын дұрыс белгілеу, кез-келген кітапта баяндалған процестерді өз сөздерімен

сипаттауға үйрету осы сынды зиянды дағдылардан, атап айтқанда "көшіру – қою" дағдыларын қолданбауға, оладан айыруға тәрбиелеуіміз керек. [11]

Сондай-ақ ұрлық үшін тәртіптік жауапкершілікті қамтамасыз етіп оны қатаңдату керек деп санаймыз. Курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, диссертациялар, ғылыми мақалалардағы плагиаттыққа біріншіден ескерту жасап, одан болмаса қатаң сөгіс беріп, студенттерді тіптен оқу орынынан шығаруды қамтамасыз етер болсақ, сапалы және үздік ғылыми нәтежиелерге қол жеткізетіндігіміз анық. Себебі студенттің жазған ғылыми жұмысы немесе дипломдық, өзгеде зерттеру жұмыстарын бір ғана «антиплагиаттан» өткізу жеткіліксіздік тудырады. Біздің университетіміздің ішкі саясатына өзгертулер енгізіп, плагиатпен күресті күшейтсек дейміз. Ол күреске, студенттердің санасына көшірудің дұрыс емес екендігін, оның зардаптарымен әкелетін зияны туралы түсіндіруіміз қажет. Ол үшін университетімізде видео роликтермен, түсіндірме хабарламалар, арнайы университет ғимаратында барлық корпусарда тұрақты түрде дауысты хабарландырулар жасалып отырса, хабарламаларда плагиаттың әкелер зардабымен, ғылыммен айналысуға қызығушылығы бар студенттердің болашағына қаншалықты зиянды екендігімен, залалдары баяндалса деген ұсынысымыз бар. Себебі соңғы жылдарда тек Қазақстанда ғана емес әлем елдерінде орын алған жаппай пандемия COVID-19дың әсерінен, тек қана студенттер емес барша халық карантинде болып, ғаламтор арқылы жұмыс жасап желідегі құқықбұзушылықтардың жаңа қыры ашылып, небір айла тәсілдер ойлап табылған еді. Сондай құйтырқылықтың бір шеті осы плагиат мәселесіменде ұштасып жатыр.

Зерттеу жұмысын қорытындылар болсақ студенттердің бүгінгі күнінен олардың ғылыми жұмыстарының мазмұнына деген талапты күшейтіп бақылауды арттырар болсақ, болашақта үлкен ғалымдардың осы өзіміздің қара шағырағымыз КарУ-дан шығатынына көзіміз анық жетеді. Ондай ғалым ұлы тұлғалар біздің университеттен бұрында шыққан және солардың ізін қуатын сауатты ұрпақтың, олардың соңын жалғай білуі де өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы- [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
2. Жатқанбаева А.Е., Баймаханова Д.М. «К вопросу о правовом понятии плагиата» // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер Жатқанбаева А.Е., Баймаханова Д.М. Журнал: Вестник КазНУ - Кіру режимі // <https://articlekz.com/article/14939>
3. Абрамова Н.Ю., «Проблема плагиата в научных работах» // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. Абрамова Н.Ю., «Научная периодика: проблемы и решения» - Кіру режимі // <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-plagiata-v-nauchnyh-rabotah>
4. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657>
5. «В Китае впервые узнали о 100-процентном плагиате дипломной работы» 23.11.2021 // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // <https://ekd.me/2021/11/v-kitae-vpervye-uznali-o-100-procentnom-plagiatae-diplomnoj-raboty/>
6. «Министра образования Германии лишили степени за плагиат» 06.02.2013// [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // https://www.bbc.com/russian/international/2013/02/130206_germany_education_minister_plagiari sm
7. Абубакирова Г.М., Саниязова Е.К. «Ғылыми плагиат үшін заңды жауапкершілік» Абубакирова Г.М., Саниязова Е.К. Журнал: ҚазҰУ Хабаршысы <https://articlekz.com/kk/article/16551>
8. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы. // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_
9. «Магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау бойынша әдістемелік ұсыныстар» // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder>

10. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» ҚЕАҚ-тың академиялық адалдық қағидаттары: // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // file:///C:/Users/%D0%BF%D0%BA/Downloads/ak_kaz.pdf

11. Смаилова В., «Плагияттың стало легче. Контроль за качеством снизился – интервью с борцом с плагиатом» // [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер. - Кіру режимі // <https://inbusiness.kz/ru/news/plagiatit-stalo-legche-kontrol-za-kachestvom-snizilsya-intervyu-s-borcom-s-plagiatom>

Томашинов С.Қ., Карагандинский университет Казпотребсоюза, факультет экономики, управления и предпринимательства, гр. МН-21 НП, магистрант
(*Научный руководитель – доктор PhD, доцент Орынбасарова Е.Д.*)

АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЙ

Вопросы, касающиеся конкурентоспособности предприятий, являются очень важной и многогранной областью исследований в области управленческой науки. Сила этих наук заключается в разнообразии, поскольку сложные организационные ситуации требуют всесторонней диагностики организационных проблем и накопления знаний в области управления. В силу прагматического характера управленческих учений возникает необходимость постоянного обогащения их теоретико-методических достижений, вслед за реальными изменениями в практике организации и управления. Большое значение имеет получение новых знаний дескриптивного и нормативного характера, ибо такое знание позволяет объяснить изучаемые явления и сформулировать рекомендации для организаторской и управленческой практики. В реалиях современной мировой экономики конкурентоспособность становится одним из важнейших определителей и в то же время перспектив оценки функционирования предприятия на рынке, а также рассматривается как детерминант развития. Конкуренция между предприятиями является имманентной чертой рыночной экономики. В зависимости от отрасли или сектора она может проходить в разных плоскостях и проявляться в различных методах и формах деятельности, а также иметь различную интенсивность. С точки зрения практики важно признать и понять, какие факторы влияют на конкурентоспособность предприятия. Сформулированная исследовательская проблема требует комплексного подхода - с учетом аспектов и особенностей проводимой деятельности, а также воздействия изменений и преобразований, происходящих в окружающей среде [1].

Конкурентоспособность предприятия на рынке является результатом синергетического воздействия многих внутренних факторов, характерные для предприятия и механизмов и внешних условий, существующих в окружающей среде. Это можно понимать как способность расти, получать выгоды и прибыль и создавать конкурентные преимущества. Конкурентоспособность предприятия, без сомнения, обусловлена внешней средой, однако на нее влияют также имеющиеся у компании отличительные ресурсы, ключевые компетенции, навыки и способности. В практике управления должен применяться комплексный подход. Создание конкурентных преимуществ на основе использования ресурсов знаний, разработки уникальных и труднодоступных ключевых компетенций для адаптации к изменяющимся требованиям клиентов с учетом трансформаций в рыночной среде.

Представленная модель Вальдемара Вальчака, профессора Лодзинского университета, является отражением выбранных наиболее важных элементов и обусловленности, которые возникают в рыночной среде, она также учитывает внутренние факторы, присущие самому предприятию. Стоит добавить, что факторы, которые имеют свой источник в окружающей среде, не зависят от предприятия, в значительной степени вытекают из политики государственных органов и механизмов регулирования рынка, а также остаются под влиянием как общего состояния, так и экономической ситуации в данной стране, а также мировой экономической ситуации. В свою очередь, внутренние факторы связаны с действиями, предпринимаемыми компанией, они связаны с ее финансовым состоянием, материальными ресурсами, интеллектуальным капиталом, организационной структурой, принятой стратегией развития, методами управления, предпринимательством, инновациями и качеством предлагаемых